Алматы облысы
бойынша Ішкі мемлекеттік
аудит департаментінің
басшылығына

Арыз-шағым

«Алматы облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі №2200292-ГС31 конкурстың мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасында «**Азаматтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» қоғамдық қорының** ұсынған жобасына **тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына жобаның сәйкес келмеуі** деген дәлелсіз шешіммен конкурс жеңімпаз атануына кедергі келтірген.

Мәселен, біз ұсынған өтінімді бағалау тәртібі дұрыс жасалынбаған.

«Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі» критериіне негізсіз 0 (нөл) балл берілген. Алайда, жоғарыда көрсетілген критерий бойынша, біз ұсынған жобадан артықшылығы жоқ, «Алматы облысының Азаматтық Альянс» ЗТБ-і ұсынған жобасына 1 (бір) балл берілген. Біздің есебіміз бойынша жоғарыдағы критерий бойынша ең кемі 1 (бір) балл тиіс болатын.

Біз ұсынған өтінім **техникалық ерекшелік талаптарына толығымен сәйкес** жасалынған. Өтінімде тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі, тапсырыс берушімен сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі, тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі, әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы, жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы туралы ақпарат сапалы көрсетілген.

Осы келеңсіз жайттарды ескере отырып, конкурстық комиссияның қорытынды хаттамасын қайта қарап, қолданыстағы заң аясында, біз ұсынған өтінімді қабылдануына ықпал етуіңізді сұраймын.

Президент **М.Сейдуалхан**